

2011 жылға жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 19 қазандағы N 40-193 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 24 қарашада N 2-12-163 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 15-60 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының
24.12.2014 № 15-60 шешімімен.
Р Қ А О е ск е р т п е с і.**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үштөбе қаласының аймақтық әкімшілік жерлеріндегі, жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылышын жүргізу үшін, елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер участекерін қоспағанда), елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне, автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, салықтың базалық ставкаларының мөлшері 2011 жылға 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. 2011 жылға ауылшаруашылық мақсатындағы елді мекендер, жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылышын жүргізу үшін, ауыл округтерінің жерлеріне жататын және Үштөбе қаласының аймақтық әкімшілік жерлерінен басқа ауылдарының, автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, салықтың базалық ставкаларының мөлшері 40 пайызға жоғарылатылсын.

3. Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 қазанындағы N 28-128 "2010 жылға жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 26 қарашасында 2-12-133 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 4 желтоқсандағы аудандық "Қаратал" газетінің 50 нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын деп танылсын.

4. Осы шешім 2011 жылдың 01 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы:

C. Дәркенбаева

Мәслихат хатшысы:

M. Рақымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК